



## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 15 ақпан N 244

Поездар қозғалысының қауіпсіздік деңгейін сақтау, теміржол көлігі кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен

оның қарауындағы жекелеген ведомстволық бағыныстағы заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1025

P991025\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 38, 321-құжат);

1-тармақта:

1), 3), 4) тармақшалар алынып тасталсын;

2) "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен оның қарауындағы жекелеген ведомстволық бағыныстағы заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1101

P991101\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 40, 344-құжат):

1-тармақта:

4), 5), 6) тармақшалар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК